

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
шоғырландырылған қаржылық есеп**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

МАЗМҰНЫ

Беті

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

2006 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП:

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс	5
Пайда және шығын туралы шоғырландырылған есеп	6
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	7
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	8-9
Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертпе	10-47

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасына

Шоғырландырылған қаржылық есептеме бойынша есеп

Біз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚҰБ») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Ұлттық Банк») 2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік балансынан, кірістер мен шығындар туралы шоғырландырылған есептемесінен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептемесінен, көрсетілген күні аяқталатын жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептемесінен және есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша баяндаудан және басқа да түсіндірме ескертпелерінен тұратын берілген шоғырландырылған қаржылық есептердің аудитін өткіздік.

Ұлттық Банк басшылығының қаржылық есепті дайындауға жауапкершілігі

Осы шоғырландырылған қаржылық есепті дайындауға және оның шынайылығына жауапкершілікті 2-ескертпедегі негіздерге сәйкес мекеме басшылығы атқарады. Осы жауапкершілікке мыналар жатады: теріс ниетті іс-әрекет немесе қателік салдарынан болған қомақты бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептемені дайындап оның шынайылығын білдіру үшін қажетті ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және қолдау; тиісті есеп саясатын таңдап оны қолдану; жағдайларға негізделген қатысты бағалауларды пайдалану.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз өзіміз өткізген аудиторлық тексеруге негізделіп осы қаржылық есептеме туралы пікірімізді білдіруде тұжырымдалады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар қолданыстағы этикалық нормаларды сақтауымызды, сонымен қатар қаржылық есептемеде қомақты бұрмалаушылықтар жоқтығына барынша сенімді ететіндей аудитті жоспарлап өткізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептемедегі сандық дерек пен ескертулерді растайтын аудиторлық дәлелдеулер үшін арналған рәсімдерді жүргізуден тұрады. Рәсімдерді таңдап алуымыз теріс ниетті іс-әрекет немесе қателік салдарынан жіберілген қомақты бұрмалаушылық тәуекелін бағалауға негізделетін біздің пайымдауымыздың мәні болып табылады. Осы тәуекелді бағалау барысында аудитор қаржылық есептеменің дайындығы мен шынайылығын қамтитын ішкі бақылау жүйесін есепке алып отырады. Айтылған бағалау ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне пікір білдіру мақсатында емес, тиісті аудиторлық рәсімдерін таңдау үшін жүргізіледі. Сондай-ақ, аудит бухгалтерлік есепте қолданылған қағидаттарының дұрыстығын байқатады және басшылықпен есепке алынған бағалама көрсеткіштерінің негізділігін бағалайды, сондай-ақ тұтас алғанда қаржылық есептеменің көрсету бағалауын білдіреді. Аудит барысындағы дәлелдемелер қаржылық есептемеге пікір білдіру үшін жеткілікті негіздеме береді деп санаймыз.

Пікір

Біздің пікірімізше, 2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін берілген шоғырландырылған қаржылық есептеме барлық мағыналы жайттарға қатысты 2-ескертпеде сипатталған негіздерге сәйкес шынайы түрінде дайындалған.

Бердалина Ж.Қ.
Сертификатталған Аудитор
Басқарушы Әріптес

Стивен Най
Аудит жөніндегі Әріптес

КPMG Audit ЖШС
Аудит жүргізу құқығына берілген
2006 жылғы 06 желтоқсандағы № 0000021 лицензия

2007 жылғы 15 ақпан
Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

*2006 жылғы 31 желтоқсандағы
шоғырландырылған бухгалтерлік баланс*

Ескертпе	<u>2006 ж.</u> мың теңге	<u>2005 ж.</u> мың теңге
АКТИВТЕР:		
Алтын	4 174,787,997	131,835,096
Банктерге және басқа қаржы мекемелеріне талаптар	5 796,191,856	112,664,854
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	6 39,309,550	38,909,249
Сату үшін қолда бар инвестициялар	7 1,449,864,042	709,596,364
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	8 233,916	24,200
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер	9 13,301,392	13,629,469
Басқа да активтер	10 7,551,100	5,692,520
	2,481,239,853	1,012,351,752
АКТИВТЕР ЖИЫНТЫҒЫ		
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:		
Айналыстағы ақша	11 687,350,736	458,276,315
Банктердің және басқа қаржы мекемелерінің талаптары	12 820,940,080	218,645,981
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	13 -	9,631,814
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары	14 64,917,772	1,856,327
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	15 213,428,455	48,595,012
Кепілдік беру қорларының резервтері	16 11,239,342	7,843,816
Клиенттердің шоттары	17 373,070	1,696,354
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	18 526,875,224	161,132,190
Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	19 312,803	232,724
Басқа да міндеттемелер	20 3,571,709	2,793,784
	2,329,009,191	910,704,317
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		
КАПИТАЛ:		
Жарғылық капитал	21 20,000,000	20,000,000
Резервтік капитал	21 11,325,781	4,349,053
Жалпы банктік тәуекелдердің орнын жабуға арналған резерв	21 2,472,470	1,458,738
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резервтері	(5,014,189)	(765,707)
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалау резерві	72,151,709	50,553,365
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резервтері	2,798,868	2,805,312
Бөлінбеген пайда	46,797,944	22,170,622
	150,532,583	100,571,383
ҚҰБ МЕНШІК ИЕЛЕРІНЕ ЖАТАТЫН КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ		
Азшылық үлесі	1,698,079	1,076,052
	152,230,662	101,647,435
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖӘНЕ КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ		
	2,481,239,853	1,012,351,752

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының атынан:

Ө. Ғ. Сәйденов
Басқарма Төрағасы

Н. Т. Шалғымбаева
Бас бухгалтер

2007 жылғы 15 ақпан
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

2007 жылғы 15 ақпан
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Шоғырландырылған бухгалтерлік балансты шоғырландырылған қаржылық есепке ескертпелермен бірге оқу қажет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
 2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда және шығындар туралы
 шоғырландырылған есеп

	Ескертпе	<u>2006 ж.</u> мың теңге	<u>2005 ж.</u> мың теңге
Пайыздық кірістер	22	57,859,626	31,349,213
Пайыздық шығыстар	22	(17,337,838)	(13,625,326)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		40,521,788	17,723,887
Құнсызданудан болған шығындарға арналған резервтерді өтеу	23	15,766	353,211
ҚҰНСЫЗДАНУДАН БОЛҒАН ШЫҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕРВТЕРДІ ӨТЕГЕННЕН КЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		40,537,554	18,077,098
Дилинг операциялары бойынша таза кіріс	24	4,371,516	11,390,436
Комиссиялық кірістер	25	5,827,468	3,440,110
Қауымдасқан ұйымға инвестициялардан кіріс	8	209,716	-
Басқа кірістер	26	861,585	641,623
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		11,270,285	15,472,169
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР		51,807,839	33,549,267
Банкноталар мен монеталарды шығару бойынша шығыстар	27	(5,690,706)	(2,965,898)
Басқа ұйымдарды қаржыландыру	28	(1,574,943)	(975,566)
Қызметкерлердің жалақысы және басқа төлемдер	29	(4,391,056)	(3,392,343)
Әкімшілік шығыстар	30	(2,562,732)	(2,179,599)
Комиссиялық шығыстар	31	(1,721,819)	(1,455,208)
Амортизация және тозу	8	(1,211,316)	(1,324,556)
Басқа операциялар бойынша құнсыздануға арналған резервтерді (калыптастыру) /өтеу	23	(61,449)	6,944
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР		(17,214,021)	(12,286,226)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		34,593,818	21,263,041
Табыс салығы	32	(1,350,483)	(810,986)
ТАЗА ПАЙДА		33,243,335	20,452,055
Мыналарға қатысты: ҚҰБ меншік иелеріне		32,611,338	20,325,398
Азшылықтың үлесі		631,997	126,657
		33,243,335	20,452,055

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының атынан:

Ә. Ғ. Сәйденов
Басқарма Төрағасы

2007 жылғы 17 ақпан
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Н. Т. Шалғымбаева
Бас бухгалтер

2007 жылғы 17 ақпан
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Пайда және шығындар туралы шоғырландырылған есепті шоғырландырылған қаржылық есепке ескертпелермен бірге оқу қажет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

		Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің меншік иелеріне қатысты							Азшылық үлесі	Капитал жиынтығы
Жарғылық капитал	Резервтік капитал	Жалпы банктік тәуекелдерді жабуға арналған резервтер	Сағуға арналған қолда бар инвестициялардың әділ құнын қайта бағалау резерві	Шетел валютасын және тазартылған қымбат металды қайта бағалау резерві	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы			
мың теңге										
2005 жылғы 1 қаңтарға										
	20,000,000	3,992,545	1,274,151	124,171	61,781,215	2,817,735	2,380,450	92,370,267	820,496	93,190,763
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	20,325,398	20,325,398	126,657	20,452,055
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау	-	-	-	-	-	(12,423)	5,869	(6,554)	-	(6,554)
Сағу үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан теріс нәтиже	-	-	-	(889,878)	-	-	-	(889,878)	1,835	(888,043)
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан теріс нәтиже	-	-	-	-	(11,227,850)	-	-	(11,227,850)	-	(11,227,850)
Резервтік капиталды толықтыру	-	356,508	184,587	-	-	-	(541,095)	-	-	-
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	-	-	-	-	(11,586)	(11,586)
Азшылық үлесін ұлғайту	-	-	-	-	-	-	-	-	138,650	138,650
2006 жылғы 1 қаңтарға	20,000,000	4,349,053	1,458,738	(765,707)	50,553,365	2,805,312	22,170,622	100,571,383	1,076,052	101,647,435
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	32,611,338	32,611,338	631,997	33,243,335
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау	-	-	-	-	-	(6,444)	6,444	-	-	-
Сағу үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан теріс нәтиже	-	-	-	(4,248,482)	-	-	-	(4,248,482)	(9,970)	(4,258,452)
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан оң нәтиже	-	-	-	-	21,598,344	-	-	21,598,344	-	21,598,344
Резервтік капиталды толықтыру	-	6,976,728	1,013,732	-	-	-	(7,990,460)	-	-	-
2006 жылғы 31 желтоқсанға	20,000,000	11,325,781	2,472,470	(5,014,189)	72,151,709	2,798,868	46,797,944	150,532,583	1,698,079	152,230,662

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының атынан:

Ә. Ғ. Сәйденов
Басқарма Төрағасы

Н. Т. Шалғымбаева
Бас бухгалтер

2007 жылғы 15 ақпан
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

2007 жылғы 15 ақпан
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепті шоғырландырылған қаржылық есепке ескертпелермен бірге оқу қажет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

	Ескертп е	2006 ж.	2005 ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Салық салынғанға дейінгі таза пайда		34,593,818	21,263,041
Мыналарға түзету:			
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің тозуы және амортизациясы		1,759,505	1,975,195
Құнсыздануға арналған резервтерді қалыптастыру/ өтеу		45,683	(360,155)
Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді шығарудан болған кіріс		(1,035)	(2,405)
Шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясын		9,357,819	8,499,684
Инвестициялық бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизация		(18,092,184)	(2,493,684)
Қауымдасқан компанияның бөлінбеген пайдасын		(209,716)	-
Операциялық активтер мен міндеттемелерді өзгерткенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		27,453,890	28,881,676
Операциялық активтерді және міндеттемелерді өзгерту			
Операциялық активтерді (ұлғайту)/азайту:			
Алтын		(8,686,627)	(9,053,072)
Банктерге және басқа қаржы мекемелеріне қойылатын талаптар		50,424,629	(19,024,815)
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		(400,301)	57,291,838
Сату үшін қолда бар инвестициялар		(744,952,005)	198,059,722
Басқа да активтер		(1,970,033)	(1,907,792)
Операциялық міндеттемелердің көбеюі/(азайуы):			
Айналыстағы ақша		229,074,420	47,412,629
Банктердің және басқа қаржы мекемелерінің талаптары		579,680,236	(86,537,255)
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		(9,631,814)	9,631,814
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары		63,061,445	1,325,268
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары		164,833,443	(28,187,033)
Кепілдік беру қорларының резервтері		2,606,613	2,250,322
Клиенттердің шоттары		(1,323,284)	978,633
Басқа да міндеттемелер		777,925	(17,971,820)
Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза келуі/(кетуі)		350,948,537	183,150,115
Төленген салықтар		(1,277,344)	(675,666)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза келуі/(кетуі)		349,671,193	182,474,449
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(1,683,817)	(1,930,801)
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сату		253,424	6,993
Басқа ұйымдардың капиталына инвестициялар		-	2,006,251
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар		-	(15,200)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза келуі/ (кетуі)		(1,430,393)	67,243
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		3,827,013,110	1,960,238,437

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	<u>(3,463,719,777)</u>	<u>(2,210,250,323)</u>
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза (кетуі)/келуі	<u>363,293,333</u>	<u>(250,011,886)</u>
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (АЗАУЫ)/КӨБЕЮІ	<u>711,534,133</u>	<u>(67,470,194)</u>
Шетел валютасының теңгеге қатысты бағамының өзгеруінің ықпалы	<u>(11,511,199)</u>	<u>(10,694,666)</u>
ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	49,809,852	127,974,712
ЖЫЛ АЯҒЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	749,832,786	49,809,852

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде ҚҰБ төлеген және алған пайыздар сомасы тиісінше 16,772,212 мың теңге және 57,938,353 мың теңге болды.

2005 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде ҚҰБ төлеген және алған пайыздар сомасы тиісінше 19,046,878 мың теңге және 32,816,858 мың теңге болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының атынан:

Ә. Ғ. Сәйденов
Басқарма Төрағасы

2007 жылғы 15 ақпан
 Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Н. Т. Шалғымбаева
Бас бухгалтер

2007 жылғы 15 ақпан
 Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті шоғырландырылған қаржылық есепке ескертпелермен бірге оқу қажет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

1. ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚҰБ») Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 13 сәуірдегі № 2134-ХІІ Қаулысына сәйкес құрылған болатын. Осы Қаулыға сәйкес Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Банкінің атауы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып өзгертілді.

ҚҰБ ақша базасы мен резервтерді басқару арқылы ақша және кредит саясатын жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің және олармен жасалған келісім бойынша басқа да мемлекеттік басқару органдарының банкі, қаржы консультанты мен агенті ретінде болады.

ҚҰБ-нің бас офісі мына мекен-жай бойынша тіркелген: Алматы қаласы, 050090, Көктем-3 шағын ауданы, 21. ҚҰБ-нің Қазақстанда орналасқан 16 филиалы және 10 еншілес ұйымы бар.

ҚҰБ-нің (бұдан әрі ҚҰБ және оның еншілес ұйымдары бірге – Ұлттық Банк) 2006 және 2005 ж.ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есебіне мынадай ұйымдар шоғырландырылды:

<u>Ұйымның атауы</u>	<u>Құрылған жылы</u>	<u>Негізгі қызметі</u>	<u>Иелену үлесі</u>	
			<u>2006%</u>	<u>2005%</u>
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Теңге Сарайы» РМК	1994	Монеталар шығару	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Банкаралық Есеп айырысу Орталығы» РМК	1996	Электрондық ақша аударымдары	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік Сервис Бюросы» РМК	1996	Бағдарламалық қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсету	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы» РМК	2005	Көлік қызметін көрсету. Мүлікті басқару жөніндегі шаруашылық қызметін жүзеге асыру	100.0	100.0
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ	1999	Жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру	100.0	100.0
«Актуарлық орталық» АҚ	2002	Қазақстан Республикасында актуарлық қызметті дамыту	100.0	100.0
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ	2003	Сақтанушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» РМК	2004	Банкноталар шығару	100.0	100.0
«Ұлттық Процессинг орталығы» АҚ	2000	Төлем карточкаларымен операцияларды өңдеу	66.9	66.9
«Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» МЖЗҚ АҚ	1997	Зейнетақы жарналарын жинау және оларды инвестициялау	64.0	64.0

Ұлттық Банк қызметкерлерінің 2006 және 2005 ж.ж. орташа тізімдік саны тиісінше 2006 және 2005 ж.ж. 3,417 және 3,317 адам, 2006 және 2005 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің саны тиісінше 3,055 және 3,374 адам болды.

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

1. ҰЙЫМДАР, ЖАЛҒАСЫ

Қазақстандағы экономикалық жағдайлар.

Қазақстандағы экономикалық жағдайды халықаралық рейтинг агенттіктері бағалады.

2006 жылы «Standard&Poor's» агенттігі ұзақ мерзімді валюталық рейтингті «BBB» дейін («BBB-»-ден) және ұлттық валютадағы қарыз алудың ұзақ мерзімді рейтингін «BBB+» дейін («BBB»-ден) көтерді. Ұлттық және шетел валютасындағы қарыз алудың қысқа мерзімді рейтингі де сол сияқты «А-3» деңгейінен «А-2» дейін көтерілді. Болжам «тұрақты». 2006 жылы «Moody's Investors Service» агенттігі Қазақстанның шетел валютасындағы ұзақ мерзімді облигациялары бойынша рейтингті де «Baa2» деңгейіне дейін («Baa3»-ден) Қазақстанның ұлттық валютадағы борыштық міндеттемелері бойынша «A2» дейгейге дейін («Baa1»-дан) көтерді. 2006 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолты рейтингтері ("ЭДР") бойынша болжамы "тұрақтыдан" - "оңға" өзгерді. Бұл ретте Қазақстанның шетелдік және ұлттық валютадағы ЭДР тиісінше "BBB" және "BBB+" деңгейлерде расталды. Сондай-ақ «Fitch Ratings» ел бойынша ең жоғары рейтингті "BBB+" деңгейде және шетел валютасындағы қысқа мерзімді рейтингті "F3" растады.

ҚҰБ қызметі Қазақстандағы бизнесті жүргізуге тән экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырауға бейім. Мұндай тәуекелдерге үкімет саясатының, экономикалық жағдайлардың, салық және құқықтық салалардағы өзгерістердің, валюталар бағамдары мен келісім-шарт құқықтарының жүзеге асырылуы кіреді.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есеп Қазақстандағы экономикалық жағдайлардың Ұлттық Банктің қызметіне және қаржылық жағдайына ықпалына басшылық жүргізген бағалаудың нәтижесін көрсетеді.

2. ҚАРЖЫ ЕСЕБІН ҰСЫНУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

(а) Бухгалтерлік есептің негізгі қағидастары

Ұлттық Банктің осы шоғырландырылған қаржылық есебі мынадай ерекшеліктерді есепке ала отырып, Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды:

Алтын нарықтық құн бойынша есепке алынады. Алтынды, сондай-ақ активтер мен міндеттемелердің шетел валютасында көрсетілген нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістер тікелей меншікті капитал құрамында көрсетіледі. Қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстар капитал құрамында танылған қайта бағалаудан бұрын жинақталған іске асырылмаған шығыстардан асатын соманың шегінде пайда және шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(ә) Ұсыну негіздері

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп сатуға арналған қолда бар алтынды, инвестицияларды, әділ құны бойынша есепке алынған туынды қаржы құралдарын, сондай-ақ қайта бағаланған құны бойынша есепке алынған негізгі құрал-жабдықтарды қоспағанда, есептеу әдісі мен «тарихи құн» қағидаты негізінде дайындалды.

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

2. ҚАРЖЫ ЕСЕБІН ҰСЫНУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ. ЖАЛҒАСЫ

(б) Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы қазақстандық теңге болып табылады (бұдан әрі - «теңге»). Басшылық теңгені Ұлттық Банктің функционалдық валютасы ретінде айқындады, себебі теңге Ұлттық Банктегі оқиғалардың және операциялардың экономикалық мәнін білдіреді. Теңге сонымен қатар осы шоғырландырылған қаржылық есеп мақсатында Ұлттық Банктің ұсыну валютасы да болып табылады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп, егер басқаша көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен ұсынылды (бұдан әрі - «теңге»).

(г) Бағалаулар мен пайымдауларды пайдалану

Шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау осы шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау күніндегі активтер мен міндеттемелердің есептік сомасына және шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға, сондай-ақ есеп беру кезеңі ішіндегі кірістер мен шығыстардың есеп беру сомасына ықпал ететін есепке алу бағаларын және болжамдарды қалыптастыруды талап етеді. Алайда мұндай бағалаулар ағымдағы оқиғалар мен іс-әрекетті басшылықтың түсінуіне негізделген, нақты сомалардың осындай бағалаулар мен болжамдардан айырмашылығы болуы мүмкін. Басшылықтың пікірі бойынша, шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау кезінде бағалаулар мен пайымдауларды пайдалану талап етілетін шиеленісті мәселелер болған жоқ.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Осы шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау кезінде есеп саясатының мынадай негізгі қағидастары қолданылады. Есеп саясатының осы қағидастары жүйелі түрде қолданылды.

(а) шоғырландыру қағидастары

i) Еншілес ұйымдар

Ұлттық Банктің бақылауында болатын ұйымдар еншілес болып табылады. Бақылау Ұлттық Банктің компанияның қаржылық және операциялық саясатына тікелей немесе жанама түрде басқаруға өкілеттігінің болуымен айқындалады. Еншілес компаниялардың қаржылық есебі көрсетілген бақылау нақты орнатылған күннен бастап оның нақты тоқтатылған күніне дейінгі шоғырландырылған қаржылық есепті қамтиды.

ii) Қауымдасқан компаниялар

Ұлттық Банк олардың қаржылық және операциялық қызметтеріне бақылау емес, айтарлықтай ықпалы болатын компаниялар қауымдасқан болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есепке көрсетілген айтарлықтай ықпал нақты белгіленген күннен бастап ол нақты тоқтатылған күнге дейінгі үлестік қатысу әдісі бойынша есептелген қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі және шығыстарындағы Ұлттық Банктің үлесі туралы деректер кіргізіледі. Қауымдасқан компаниялардың шығындарындағы Ұлттық Банктің үлесі тәуелді компанияның капиталындағы Ұлттық Банктің үлесінің баланстық құнынан асып кеткен жағдайларда мұндай үлестің баланстық құны нөлге дейін төмендейді және Ұлттық Банкінде осы қауымдасқан компанияға қатысты міндеттемелер бар жағдайларды қоспағанда, кейінгі шығындарды көрсету тоқтатылады.

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(а) шоғырландыру қағидаттары, жалғасы

iii) Шоғырландыру кезінде алынып тасталатын операциялар

Барлық топ ішіндегі шоттар мен операциялар, сондай-ақ топ ішіндегі операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау кезінде алынып тасталады. Қауымдасқан және бірлесе бақыланатын компаниялармен операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер компанияға қатысу үлесі шегінде алынып тасталады. Қауымдасқан компаниялармен операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер қауымдасқан компанияға инвестициялар есебінен есебінен алынып тасталады. Іске асырылмаған шығындар да, құнсыздану белгілері жоқ көлемде ғана алынып тасталатын жағдайды қоспағанда, іске асырылмаған кірістердегі сияқты алынып тасталады.

iv) Азшылық үлесі

Азшылық үлесі – бұл еншілес ұйымның пайдасының немесе шығынының және таза активтерінің бас компания еншілес компания тікелей немесе еншілес компания арқылы жанама түрде иеленбейтін капиталдағы үлесіне сай келетін бөлігі.

Азшылық үлесі шоғырландырылған бухгалтерлік баланста капитал бабында, ҚҰБ жатқызылатын капиталдан бөлек ұсынылады. Ұлттық Банктің кірістері мен шығыстарындағы азшылық үлесі кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте бөлек ашылады.

(ә) Алтын және шетелдік валюта

i) Алтын

Тазартылған алтын шоғырландырылған қаржылық есепте есеп дайындалған күнгі нарықтық құны бойынша көрсетіледі. Нарықтық құн Лондон Қымбат Металдар Нарығы Ассоциациясының (бұдан әрі “ЛКМНА”) таңертеңгі фиксингі негізінде және Қазақстан қор биржасының таңертеңгі (негізгі) сессиясында теңгенің шетел валютасына орташа алынған биржалық бағамы бойынша белгіленеді.

ii) Шетел валютасы

Шетел валюталарымен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер, есеп жасалған күнгі сәйкес келетін айырбас бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операциялар операция күнгі қолданылып жүрген бағам бойынша көрсетіледі..

iii) Алтыннан және шетел валютасынан кірістер мен шығыстарды тану

Алтынмен және шетел валютасымен операциялардан іске асырылмаған кірістер мен шығындар кірістер және шығындар туралы шоғырландырылған есепте ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген алтынның, сондай-ақ активтер мен міндеттемелердің нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістер тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі. Қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстар капитал құрамында танылған қайта бағалаудан іске асырылмаған бұрын жинақталған кірістерден асатын сома шегінде пайда және шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Қаржы құралдарын тану және бағалау

Ұлттық Банк шарт бойынша тиісті қаржы құралына қатысты тарап болған кезде, қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер Ұлттық Банктің шоғырландырылған бухгалтерлік балансында көрсетіледі. Ұлттық Банк қаржы активтерін және міндеттемелерді сатып алу мен іске асыруды сауда күні бойынша көрсетеді.

Қаржы активтері мен міндеттемелер, тиісінше барлық шығарылған операциялық шығасыларды есепке ала немесе шегере отырып, әділ өтеу құнына сәйкес келетін тиісінше төленген немесе алынған бастапқы құн бойынша көрсетіледі. Қаржы активтері және міндеттемелердің құнын кейіннен қайта бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік есеп қағидастары есеп саясатының төменде сипатталған тиісті ережелеріне сәйкес ашылады.

(в) Банктерге және басқа да қаржы мекемелеріне қойылатын талаптар

Ұлттық Банк өзінің әдеттегі қызметі барысында қаражатты орналастырады және әр түрлі мерзімдерге басқа банктерге және басқа да қаржы мекемелеріне салымдарды жүзеге асырады. Банктерге және басқа да қаржы мекемелеріне қойылатын талаптар, егер ол бойынша тағайындалған өтеу мерзімдері белгіленсе, тиімді пайыздық ставка әдісі негізінде амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Өтеу мерзімдері тағайындалмаған заемдар үшін өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Банктерге және басқа да қаржы мекемелеріне қойылатын талаптар құнсыздануға арналған резервтерді шегере отырып көрсетіледі.

(г) Сатуға арналған қолда бар инвестициялар

Белгісіз кезеңдегі уақыт ішінде басшылық ұстап тұруға ниеттенген және өтімділік талаптарына немесе пайыздық ставкалардың, айырбас бағамдарының немесе акциялар бағаларының өзгеруіне қарай сатылуы мүмкін инвестициялық бағалы қағаздар сатуға үшін қолда бар инвестициялар ретінде жіктеледі.

Сатуға үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бастапқыда, бағалы қағаздарды сатып алуға байланысты барлық келтірілген операциялық шығасыларды есепке ала отырып, содан кейін қайта бағалау нәтижесін капитал шоттарына, ал жинақталған купондық кірісті пайыздық кірістер шотына жатқыза отырып, нарықтық баға белгілеу негізінде әділ құны бойынша ескеріледі. Активті нарықта белгіленетін нарықтық бағасы жоқ, құндары сенімді бағалануы мүмкін емес үлестік құралдарға инвестициялар өзіндік құн бойынша бағаланады.

(ғ) РЕПО және кері РЕПО мәмілелері

Сату және кері сатып алу мәмілелері бойынша («РЕПО») сатылған бағалы қағаздар қамтамасыз етілген қаржы операциялары ретінде есепке алынады және бухгалтерлік баланста РЕПО келісімдері бойынша қамтамасыз етуші ретінде болатын бағалы қағаздар ретінде жіктеледі және әділ құн бойынша есепке алынады; шарт бойынша қарсы әріптестің міндеттемесі тиісті түрде басқа банктерге немесе жеткізушілерге кредиторлық берешек сомасына енгізілді. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма сыйақы түріндегі шығысты білдіреді және осындай келісімдердің қолданылу кезеңі ішіндегі кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Кері РЕПО келісімдері бойынша алынған бағалы қағаздар тиісті түрде банктердің немесе жеткізушілердің дебиторлық берешегі ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма сыйақы түріндегі кірісті білдіреді және сыйақының тиімді ставкасы әдісі негізінде осындай келісімдердің қолданылу кезеңі ішінде есептеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ**(д) Туынды қаржы құралдары**

Ұлттық Банк өз қызметі барысында сауда қызметіне арналған туынды қаржы құралдарымен жасалатын операцияларға қатысады. Болашақтағы пайыздық ставка туралы келісімді қамтитын туынды қаржы құралдары, валюталық және пайыздық своптар, валюталық және пайыздық опциондар, сондай-ақ басқа да туынды қаржы құралдары бастапқыда шоғырландырылған бухгалтерлік баланста сатып алу құны бойынша (мәміле бойынша шығынды қоса алғанда), ал кейіннен әділ құны бойынша есепке алынады. Әділ құн белгіленетін нарықтық баға, ақша қаражатының ағынын дисконттау модельдері негізінде есептеледі. Дисконтталған ақша ағыны әдістерін пайдаланған жағдайда болжамды болашақ ақша ағыны Ұлттық Банк басшылығының неғұрлым ықтимал болжамы негізінде айқындалады, ал дисконттау ставкасы ретінде есепті күнгі жағдай бойынша ұқсас жағдайлардағы қаржы құралдары бойынша нарықтық ставка пайдаланылады. Баға модельдерін пайдаланған жағдайда бастапқы деректер есепті күнгі жағдай бойынша нарықтық көрсеткіштер негізінде айқындалады. Сома ретінде, листингке кірмеген туынды қаржы құралдарының әділ құны Ұлттық Банк есепті күнгі жағдай бойынша шартты бұзған кезде ағымдағы нарықтық жағдайларды және мәміле бойынша қарсы әріптестің кредитқабілеттілігін ескере отырып алуға немесе төлеуге тиісті сома ретінде айқындалады. Туынды қаржы құралдары әділ құнды оң бағалау жағдайында активтердің құрамында немесе әділ құнды теріс бағалау жағдайында міндеттемелер құрамында есепке алынады.

(е) Құнсыздануға арналған резервтер

Ұлттық Банк қаржы активінің немесе активтер тобының құнсыздануы жөнінде объективті дәлелдеме болған кезде қаржы активтері бойынша құнсыздануға резервтер жасайды. Ұлттық Банк құнсызданудан болған шығын туралы дәлелдеменің объективті екендігін айқындаған кезде бағалайтын факторларға заемшылардың немесе эмитенттердің өтімділігі, төлем қабілеттілігі және қаржы тәуекеліне ұшырауға бейімділігі, осындай қаржы активтеріне қатысты төлем қабілетсіздік деңгейі немесе үрдісі, ұлттық немесе жергілікті экономикалық ахуалдар және қамтамасыз ету мен кепілдіктердің әділ құны туралы ақпарат кіреді. Осы және басқа да факторлар қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануынан болған шығынды тану үшін жеке-жеке немесе жиынтығында айтарлықтай дәрежеде объективті дәлелдемені білдіреді. Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтеріне қатысты құнсыздануға арналған резерв активтің баланстық құны және кепілдіктер мен құнсыздану бойынша алынған сомаларды қоса алғанда, болжанып отырған болашақтағы ақша түсімдерінің, осы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық ставканы пайдалана отырып дисконтталған ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде бағаланады. Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса, және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиғаға негізді жатқызылуы мүмкін болса, құнсызданудың салдарынан бұрын танылған шығындар резервтік шоттарды түзету арқылы қалпына келтіріледі. Өзіндік құн бойынша көрсетілген қаржы активтеріне қатысты құнсыздануға арналған резерв қаржы активтерінің баланстық құны мен осындай қаржы активтері үшін сыйақының қолданылып жүрген нарықтық ставкасы бойынша дисконтталған болжанатын болашақтағы ақша түсімдерінің ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Құнсыздануға арналған резервті есептеу тәуекелдерге ұшыраған активтерді талдау негізінде жүргізіледі және басшылықтың пікірі бойынша, болған шығындарды жабу үшін жеткілікті соманы көрсетеді. Резервтер қаржы активтері үшін елеулі болып табылатын тәуекелдерге ұшыраған активтерді жеке бағалау негізінде және елеулі болып табылмайтын қаржы активтері үшін жеке немесе ұжымдық бағалау негізінде есептеледі.

Құнсыздануға арналған резервті өзгерту пайда және шығындар шотына жатқызылады. Шоғырландырылған баланста көрсетілген активтер жасалған резервтер шамасына азайтылады.

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Тануды тоқтату

Қаржы активін тану қаржы активін пайдаланудан түскен ақша ағынын алуға шарттық құқықтың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін немесе Ұлттық Банк қаржы активтерін иелену құқығынан туындайтын барлық елеулі тәуекелдер мен пайданы берген кезде тоқтатылады. Мұндай беру кезінде туындайтын немесе сақталатын құқықтар немесе міндеттемелер активтер немесе міндеттемелер ретінде жеке-жеке танылады. Қаржылық міндеттемені тану ол өтелген кезде тоқтатылады.

(з) Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер

Негізгі құрал-жабдықтар жинақталған амортизация шегеріле отырып қайта бағаланған құны бойынша көрсетілді.

Ұлттық Банктің жылжымайтын мүлкі тұрақты негізде қайта бағалануға жатады. Қайта бағалауды жүргізудің тұрақтылығы қайта бағаланатын жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгеруіне байланысты болады және негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің әділ құнының өзгеруіне жүргізілетін жыл сайынғы талдау негізінде айқындалады. Жылжымайтын мүлік объектісі құнының қайта бағалау нәтижесінде ұлғаю сомасы, бұрын кірістер және шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылған құнның азаю сомасының орнын толтырған жағдайлардан басқа кезде шоғырландырылған бухгалтерлік баланстың «Капитал» бөлімінде тікелей танылады, және мұндай жағдайларда құнның ұлғаю сомасы кірістер және шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Жылжымайтын мүлік объектісі құнының қайта бағалау нәтижесінде азаю сомасы «Капитал» бөлімінде тікелей танылған бұрынғы толық бағалауға түзету жасаған жағдайды қоспағанда, кірістер және шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады және мұндай жағдайларда құнның азаю сомасы «Капитал» бөлімінде тікелей танылады.

Амортизация өндірістік жабдықтарға арналған өнім бірлігі әдісі негізінде және негізгі құрал-жабдықтарды тиімді пайдаланудың мынадай мерзімдерін негізге ала отырып, басқа активтерге арналған тікелей желілік әдіс негізінде құнын есептен шығару немесе бағалау үшін қолданылады:

Үйлер	5-40 жыл
Офис жабдықтары	1-10 жыл
Құрылыстар мен керек-жарақтар	1-25 жыл
Көлік құралдары	5-10 жыл
Материалдық емес активтер	1-3 жыл

Есепті кезеңде банкноталар мен монеталарды шығаруда пайдаланылатын негізгі құрал-жабдықтар бойынша тозу банкноталар мен монеталарды шығару жөніндегі шығыстардың құрамына кіреді. Қалған негізгі құрал-жабдықтар бойынша тозу және материалдық емес активтер бойынша амортизация пайда және шығындар туралы шоғырландырылған есептің «Амортизация және тозу» жолында көрсетіледі.

Аяқталмаған құрылысқа және орнатылмаған жабдыққа тозу есептелмейді. Мұндай активтер бойынша тозу оларды пайдалануға енгізгеннен бастап қана есептеледі.

(и) Айналыстағы ақша

Айналыстағы ақша олардың номиналдық құны бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік баланста көрсетіледі.

Айналыстағы банкноталар мен монеталарды шығару жөніндегі шығыстарға күзет, тасымал, сақтандыру жөніндегі шығыстар және басқа шығыстар кіреді. Банкноталар мен монеталарды шығару

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

бойынша шығыстар олардың резервтік қорға есептелуіне қарай танылады және пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте бөлек баппен көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(к) Банктердің және басқа қаржы мекемелерінің талаптары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары

Банктер мен басқа да қаржы мекемелері алдындағы берешек сомалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары бастапқыда мәміле бойынша келтірілген зиянды шегеріп тастағанда алынған қаражат сомасын білдіретін құн бойынша көрсетіледі. Кейіннен осы қаражат амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, ал алынған қаражат сомасы мен өтеу құны арасындағы айырмашылық тиімді кірістілік әдісі пайдаланыла отырып, берешек кезеңі ішіндегі пайда және шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(қ) Кепілдік беру қорларының резервтері

Кепілдік беру қорларының резервтері кепілдік беру жүйесінің қатысушылары – жергілікті банктер, ипотекалық және сақтандыру компаниялары жүзеге асыратын есептелген міндетті төлемдер мөлшерінде көрсетіледі.

(л) Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Ұлттық Банк шығарған борыштық бағалы қағаздардың белгіленген өтеу күні болады және бастапқыда бағалы қағаздарды шығару және мәмілелер жасау бойынша жұмсалған шығындарды шегеріп тастағанда алынған қаражат сомасын білдіретін әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейіннен шығарылған борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі және таза түсім мен өтеу құны арасындағы кез келген айырмашылық осы бағалы қағаздың эмиссиясы кезеңі ішіндегі пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(м) Провизиялар

Провизиялар Ұлттық Банктің өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған, оларды өтеу үшін экономикалық пайдалар кіретін ресурстарды шығару талап етілуі ықтимал ағымдағы міндеттемелері (құқық нормаларымен айқындалатын немесе түсінілетін) болған кезде есепте көрсетіледі; бұған қоса мұндай міндеттемелердің мөлшері жеткілікті дәрежеде нақтылықпен бағалануы мүмкін.

(н) Қаржы активтерін және міндеттемелерді өзара есепке алу

Міндеттеменің қаржылық активі өзара есепке алынады және жиынтық сомасы, егер бұл үшін танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды негіздеме болған және тараптардың нетто негізде есептеме жүргізу немесе активтерді іске асыру және бір мезгілде міндеттемені орындау ниеті болған жағдайда шоғырландырылған бухгалтерлік баланста көрсетіледі.

(о) Салық салу

ҚҰБ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі негізгі салықты – корпоративтік табыс салығын және қосылған құнға салынатын салықты төлеуден босатылған. Ұлттық Банктің еншілес және қауымдасқан ұйымдары табыс салығын төлеушілер болып табылады.

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы және мерзімі кейінге қалдырылған салықтар кіреді. Табыс салығы тікелей капиталда танылатын баптарға жатқызылатын жағдайларды қоспағанда, кірістер және шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Осы жағдайда ол капиталда

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

танылады. Ағымдағы салық қолданылып жүрген немесе есепті күні негізінен қолданылып жүрген салық ставкаларын пайдалана отырып есептелген бір жылғы салық салынатын кірістен төленетін күтілетін салықты және өткен жылдарға қатысты төленетін салыққа кез келген түзетуді білдіреді. Мерзімі кейінге қалдырылған салық қаржылық есеп беру мақсатында пайдаланылатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық мақсатында пайдаланылатын сомалар арасындағы уақытша айырманы есепке ала отырып айқындалады. Мынадай уақытша айырмалар есепке алынбайды: бухгалтерлік және сол сияқты салық салынатын кіріске әсер етпейтін активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану; егер бұл ретте бас компанияның уақытша айырманы түзетіп жазу уақытын бақылауға мүмкіндігі болмаса және уақытша айырма көз жетерлік болашақта жойылмау ықтималдығы болса филиалдарға, еншілес және қауымдасқан компанияларға инвестициялар. Мерзімі кейінге қалдырылған салық сомасын есептеу есепті күні қолданылып жүрген немесе негізінен қолданылатын салық ставкаларын пайдалана отырып активтердің немесе міндеттемелердің баланстық құнын іске асырудың немесе реттеудің болжамды тәсіліне негізделеді.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активі соның есебінен активтің орнын толтырылуы мүмкін болатын болашақта салық салынатын кірістің болу ықтималдығы болатын дәрежеде ғана көрсетіледі. Мерзімі кейінге қалдырылған салық активі салық активін іске асыру мүмкін болмайтын дәрежеде азайтылады.

(ө) Кірістерді және шығыстарды тану

Пайыздық кірістер мен шығыстар есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық ставка әдісі бойынша есептеледі. Пайыздық кірістер мен шығыстарға дисконт немесе сыйлықақы амортизациясы немесе пайыздық құралдың бастапқы баланстық құны мен оның тиімді сыйақы ставкасы әдісі бойынша есептелген өтеу күнгі құнының арасындағы өзге айырма кіреді. Тиісті қызметті көрсету/алу күнгі комиссиялық және басқа да кірістер/шығыстар танылады.

(п) Зейнетақымен қамсыздандыру

Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінен бөлек зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі жоқ. Ұлттық Банк қызметкерлердің зейнетақы жарналарын заңнамада белгіленген мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорларына аударады. Ұлттық Банк зейнетақы жарналарын аударғаннан кейін төлем бойынша қандай да бір міндеттемелер атқармайды. Зейнет демалысына шыққан кезде барлық төлемдерді зейнетақы қорлары жүзеге асырады.

(р) Айырбас бағамы

Төменде Ұлттық Банк қаржылық есеп жасаған кезде пайдаланған жыл аяғындағы айырбас бағамдары және алтынның бағасы келтірілген:

	<u>2006 ж.</u>	<u>2005 ж.</u>
Теңге / АҚШ доллары	127.00	133.77
Теңге / Еуро	167.12	158.54
Теңге / Ағылшын фунт стерлингi	249.01	231.01
Теңге / Жапон йені (10/1)	10.68	11.41
Теңге / Алтын (1 троя унциясы)	635.70	513.00
Теңге / Арнайы қарыз алу құқығы (СДР)	190.90	191.17

(с) Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті дайындау мақсатында ақша қаражаты мен олардың баламаларына шетел банктеріндегі Ностро шоттарындағы, шетел

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

банктеріндегі депозиттердегі ақша, жергілікті банктердегі кассадағы және Ностро шоттарындағы ақша кіреді.

(т) Есеп саясатындағы өзгерістер

Ұлттық Банк 2005 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін қаржылық есепті дайындау кезінде ХҚЕС-ын түрлендірусіз қабылдады. Ұлттық Банк 2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең ішінде ХҚЕС жөніндегі қаржылық есепті дайындау кезінде пайдаланылатын ұсыну негізін өзгертті және түрлендіруді былайша жасады:

- Алтын нарықтық құны бойынша есепке алынады. Алтынның нарықтық құны бойынша, сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген активтерді және міндеттемелерді қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістер тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі. Қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстар пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте қайта бағалаудан бұрын жинақталған іске асырылмаған, капиталдың құрамында танылған кірістерден асатын сомалар шегінде көрсетіледі.

Осы қаржылық есепке енгізілген 2005 жылғы салыстырма деректер осы өзгерістерді есеп саясатындағы өзгерістерді көрсетеді.

Ұлттық Банктің 2005 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін қаржылық есебінде көрсетілгендей, 2005 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдың таза кірісін осы қаржылық есепке енгізілген салыстырмалы деректерге қатысты салыстыру:

2005 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есепке енгізілген, 2005 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдың таза кірісі	9,224,205
Шетел валютасындағы тазартылған қымбат металдарды, активтерді және міндеттемелерді таза іске асырылмаған қайта бағалауға түзету	11,227,850
Осы шоғырландырылған қаржылық есепке енгізілген, 2005 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдың таза кірісі	20,452,055

Есеп саясатындағы өзгерістерге байланысты жоғарыда аталған түзетулердің Ұлттық Банктің капиталына әсері болған жоқ.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(у) Әлі күшіне енгізілмеген жаңа Стандарттар және Түсіндірмелер

2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейбір жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер және түсіндірмелер әлі күшіне енгізілмеген және сондықтан осы шоғырландырылған қаржылық есепті жасау кезінде қолданылмады. Ұлттық Банк осы стандарттар мен түсіндірмелерді олар күшіне енгізілген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

- 2007 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін жарамды «Қаржы құралдары: ашып көрсету» 7-ХҚЕС. Осы стандарт Ұлттық Банктің қаржы құралдарына қатысты жан-жақты ашып көрсетуді талап етеді.
- 2007 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін жарамды «Қаржылық есепті ұсыну – Капиталды ашып көрсету» 1-ХБЕС-на түзетулер. Осы стандарт капиталға қатысты неғұрлым жан-жақты ашып көрсетуді талап етеді.
- Кіріктірілген туынды құралдарды қайта бағалау 9-ХҚЕТК. Кіріктірілген туынды құралдарды оларды негізгі келісім-шарттан бөліп алу қажеттігі мәніне қарай қайта қарау келісім-шартқа өзгерістер

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКИ

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

енгізілген жағдайда ғана жүргізіледі. 9 ХҚЕТК 2007 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезеңдер үшін қолданылады.

4. АЛТЫН

	<u>2006 ж.</u> мың теңге	<u>2005 ж.</u> мың теңге
Шетелдік банктердің депозиттеріндегі алтын	121,158,089	86,140,882
ҚҰБ қоймасындағы құйма алтын	53,629,908	45,602,321
Басқа қоймалардағы құйма алтын	-	91,893
	<u>174,787,997</u>	<u>131,835,096</u>

5. БАНКТЕРГЕ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

	<u>2006 ж.</u> мың теңге	<u>2005 ж.</u> мың теңге
<i>Шетелдік банктерге және басқа да қаржы мекемелеріне қойылатын талаптар</i>		
Ностро шоты	742,306,204	17,209,567
Сыртқы басқарудағы активтер	46,579,042	45,462,593
Салымдар	6,467,819	30,709,127
Шетел валютасымен операциялар бойынша талаптар	77,294	5,649,125
ХВҚ-мен ағымдағы шоттар	159,833	154,565
	<u>795,590,192</u>	<u>99,184,977</u>
Құнсыздануға арналған резервті шегеріп тастағанда	-	(21,143)
Шетелдік банктерге және басқа да қаржы мекемелеріне қойылатын талаптар жиынтығы	<u>795,590,192</u>	<u>99,163,834</u>
<i>Жергілікті банктерге және басқа да қаржы мекемелеріне қойылатын талаптар</i>		
Ностро шоты	601,664	1,524,984
Кредиттер және талаптар	-	11,976,036
Жергілікті банктерге талаптар жиынтығы	<u>601,664</u>	<u>13,501,020</u>
	<u>796,191,856</u>	<u>112,664,854</u>

6. КЕРІ РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	<u>2006 ж.</u> мың теңге	<u>2005 ж.</u> мың теңге
Банктер және басқа қаржы институттары	<u>39,309,550</u>	<u>38,909,249</u>

2005 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек АҚШ Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелерімен қамтамасыз етілді.

7. САТУҒА АРНАЛҒАН ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛАР

	<u>2006 ж.</u> мың теңге	<u>2005 ж.</u> мың теңге
Қамтамасыз ету болмайтындар		
<i>Борыштық құралдар – листингке кіретіндер</i>		

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКИ

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ескертпесі

Шетелдік эмитенттердің инвестициялары		
Халықаралық қаржы ұйымдары мен халықаралық мемлекеттік қаржы ұйымдары арасындағы борыштық бағалы қағаздар	421,655,351	253,978,718
АҚШ Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	407,532,854	63,196,823
Ұлыбритания Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	105,332,254	63,299,990
Германия Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	140,923,595	60,105,606
Басқалары	346,294,951	244,982,326
Шетелдік эмитенттердің сатуға арналған қолда бар инвестицияларының барлығы	1,421,739,005	685,563,463
Жергілікті эмитенттердің инвестициялары		
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	23,113,518	10,917,686
«Қазақстан ипотекалық корпорациясы» АҚ облигациялары	4,489,517	2,760,297
Жергілікті эмитенттердің сатуға арналған қолда бар инвестицияларының барлығы	27,603,035	13,677,983
Борыштық құралдар – листингке кірмейтіндер		
«Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ	500,000	500,000
«Қазақстан қор биржасы» АҚ	22,002	22,002
«Қазсмарт» АҚ	-	185,380
Баға белгіленбейтін үлестік құралдар жиынтығы	522,002	707,382
Репо операциялары бойынша қамтамасыз етуді көрсететіндер		
<i>Борыштық құралдар – листингке кіретіндер</i>		
Ұлыбритания үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	-	9,647,536
Репо операциялары бойынша қамтамасыз етуді көрсететін	-	9,647,536
	1,449,864,042	709,596,364

2006 және 2005 жж. жағдай бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының және халықаралық мемлекеттік қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары Федеральдық Ұлттық Ипотекалық қауымдастығы, Федеральдық Ипотекалық Корпорациясы, Жеке қарыз алулардың Федеральды Банкі, Жеке қарыз алулардың Федеральды Ипотекалық Корпорациясы, сондай-ақ Германия, Франция, Корея Агенстіктері шығарған бағалы қағаздарды білдіреді.

2006 және 2005 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетелдік эмитенттердің басқа инвестициялары негізінен Австралия, Италия, Канада, Нидерланд, Ресей, Франция, Португалия, Испания, Венгрия, Корея, Дания, Швеция, Швейцария және Жапония үкіметтері шығарған бағалы қағаздарды білдіреді.

2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық құралдарға «Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның жай акциялары кіреді, баға белгіленген болып табылмайды және өзіндік құны бойынша (2005: «Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және «Казсмарт» АҚ) есептелінді.

8. КОМПАНИЯҒА ҚАУЫМДАСҚАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2006 және 2005 жылдардағы 31 желтоқсанда Ұлттық Банктің қауымдасқан компанияда мынадай инвестициялары болды, олар үлестік қатысу әдісі бойынша есептелген:

Компанияның атауы	Заңды тұлғаның тіркеу елі	Негізгі қызметі	Бақыланатын үлесі %		2006 ж.	2005 ж.
			2006	2005	мың теңге	мың теңге

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКИ

